

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Үй жануарлары».

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/90932/>

Тәрбиеші; Адинаева Гулнара Ганиевна
Теміртау каласы № 19 «Ақтілек» бөбекжайы

Ортаңғы тобының

ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Білім беру саласы : Таным.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:Жаратылыстану.

Тақырыбы:«Үй жануарлары».

Мақсаты: «Балалардын үй жануарлар туралы түсініктерін кеңейту, Олардың сыртқы келбетінің сипаттық ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, тіршілік әрекетімен таныстыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар:суреттер,үй жануарлардың пайдасы бейнелейтін суреттер,үлестірмелі материалдар.

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар шеңбер бойына тұрып,педагогпен бірге төмендегі өлең жолдарын кайталайды.

Арым таза,ақ көніл,

Адамдыққа сенемін.

Абыройлы,ақ ниет,

Адалдыққа сенемін.

1.Білімді өзектендіру.

-Ферма дегеніміз не?

-Фермада қандай жануарлар ұстайды?

2.Үй жануарлары және олардың пайдасы туралы әңгіме.

-Ферма-барлық үй жануарларын өсіріп ұстайтын шаруашылық орын.Үй жануарларын адам күтіп-баптайды.

Жануарлардың еті,сүті,

Жұмыртқасы-азық,ал жүні, терісі және

мамығынан қаншама тұрмысқа қажетті заттар жасалады.

3.Билингвальды компонент:

Үй жануары-домашнее животное, сиыр-корова, ешкі
-коза, тауық-курица. Үй жануарлары деп үйде ұстайтын жануарларды айтамыз. Олар мыналар: қой,
ешкі, сиыр, түйе, жылқы.

Түйенің төлі-ботақан.
Қойдың төлі-қозы.
Ешкінің төлі-лақ.
Жылқының төлі-құлын.
Сиырдың төлі-бұзау.

4. Үй жануарлары туралы өлеңді оқу.

Шөре, шөре, лағым,
Секендеме, демінді ал.
Тентек болма шырағым,
Селтендемей құлағың.
-Өлең ненің төлі туралы?
-Ешкінің қандай пайдасы бар?
Әукім-әукім әукешім,
Сипайыншы әукесін.
Енең, әне, келеді,
Ақ мамасын береді.
-Сиырдың қандай пайдасы бар? Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер?
-Дұрыс, үй құстары және ти, мысық та үй жануарларына жатады.
Қалай ойласыңдар тауық қандай пайда әкеледі? (Еті мен жұмыртқасы-тамақ.
Мамығынан жастық жасайды).

5. Динамикалық үзіліс.

«Шип-шип шөжелерім» әнің ұнтаспадан тыңдады.
Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылайды.
-Үй жануарларын атаңдар?
-Неге адамдар жануарларға күтім жасайды?
Олардың қандай пайдасы бар?
Күтілетін нәтиже:
Орындайды: төрт түлікке байланысты берілген (мысалы: ешкінің төлі-лақ. Бұзауды «әукім-әукім» деп шақырамыз) тапсырмаларды.
Түсінеді: үй жануарларының адам өміріндегі маңызы.
Қолданады: жалпы үй жануарлары туралы мәліметтерді оқу іс-әрекеттерінде.